

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек туралы" 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 21/5-IV шешімге өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2012 жылғы 14 наурыздағы N 2/6-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2012 жылғы 03 сәуірде N 5-4-163 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11/8-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2012.12.21 N 11/8-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабы 5 тармағына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Риддер қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 21/5-IV «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 27 қаңтардағы № 5-4-125 тіркелген, 2010 жылдың 05 ақпанындағы № 7 «Лениногорская правда» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) шешімнің 1 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 8640 (сегіз мың алты жүз қырық) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек белгіленсін.»;

2) 3 тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда жазылсын:

«3. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік

мекемесі ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға «Казпошта» АҚ және «Халық банкі» АҚ бөлімшелері арқылы жылына бір рет 8640 (сегіз мың алты жүз қырық) теңге мөлшерінде келесі құжаттарды тапсырған жағдайда әлеуметтік көмек жүргізсін:» .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Стребков

Қалалық мәслихат хатшысы

И. Панченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК